

Заманымыз жаңа білім беру мен жас ұрпақтың келешегі үшін жаңа әдістемелерін дайындау үстінде. Оқушының білім сапасын көтерудің маңызды әдісі болып тестілеу әдісін жана заман талабына сай жасай білу мұғалімдердің алдында тұрған үлкен мәселе болып отыр.

Қызығушылық және өз жұмыстарын бағалай білу үшін тест жүйесінің орта мектепте оқушыларды бақылау және бағалауда маңыздылығын ұғу керек. Тест- бағалау нәтижесін нақты көрсетеді [1, 219];

- уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндік туғызады;
- бақылау бір мезгілде барлық оқушыларды қамтуға қол жеткізеді;
- тест жұмысын атқару барысында барлық оқушылар бірдей тең жағдайда болады.

Мұғалім берген білімін оқушыдан қайтара сұрап алмаса, оқу нәтижелі болмайды. Олар бағалау жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру керек. Бірінші түрдегі сұрақтар, мұғалімнің берген білімдерін еске түсіру арқылы қайтарып алуға көмектеседі. Екінші түрдегі сұрақтар, балалардың ой , іс-әрекетін ынтықтыру мен берілген дайын ақпараттан жаңа ақпарат, жаңа нәтиже шығара білуді көздейді. Бұл екі түр бағалау тәсілдері оқыту жүйесінде жарамды, бірақ біріншісінде оқыту күрделі бола қоймайды. Көп түрлі сұрақтардың болуы, балаларға жарамдылығы және туғызатын іс-әрекеттер, еске түсіріп балалардан білімді қайтарып алу ең маңызды кезең болып табылады [2]. Сондықтан тестерді дайындау, сапалы сұрақтар әзірлеу және тесттерді белгілі бір тәртіппен өткізу мұғалімдер үшін ескерілетін жайт болып табылады.

Тест әдісін тек қана бағалау үшін емес алған білімін қайталау ретінде қолдану шетелдік оқыту жүйесінде кең таралуда. Бір пән бойынша әр тақырып туралы 4-5 кез тест әдісі қолданылады. Әр тақырып ішіндегі кіші тақырыпшалардан соң, 2-3 тақырыпты біріктіріп және тарау бойынша қайталау тестілерін дайындау оқушылардың білімін қалыптастыруға үлкен көмек болғаны педагогикалық тәжірибелерден көрінеді. Осыған қоса 2-3 тарауды біріктіріп жартыжылдық және жылдық қорытынды тесттер арқылы оқушының қаншалықты білім алғанын анықтауға болады.

Нақ осы орайда қойылатын тест сұрақтарының сапасы – аса маңызды мәселе. Осы мәселені шешетін Блум таксономиясы. Сұрақтардың жіктелуі, сапасы және оқушының деңгейіне қарай қолданылуы халықаралық деңгейде пайдаланылған таксономия арқылы шешіледі. Блум таксономиясы—бұл оқытудың мақсат және міндеттеріне қарай қойылған сұрақтардан түзілген жіктеу болып табылады және 6 кезеңнен тұрады. Таксономия - иерархиялық құрылымы бар, классификациялау мен жүйелеудің күрделі ұйымдастырылған қызмет салалары.

Оқытуда таксономиялардың қажеті неде?

- 1) Оқытудағы мақсатты дұрыс қою үшін;
- 2) Оқушыларға мәселелер мен тапсырмаларды дұрыс тұжырымдау үшін;

3) Дәл бағалау құралдарын жинау үшін;

4) Оқытудың қорытындылары бойынша рефлексияны дұрыс жүргізу үшін;

Бұл таксономия 1956 жылы АҚШ-тың Чикаго университетінің психолог ғалымы Бенджамин Блум тарапынан жасалған. Осы жіктеу танымдық әрекеттің негізгі этаптарын да көрсетеді[3]. Жіктеудің 6-деңгейі туралы сипаттама беретін болсақ:

1.Білу—мұғалімдер осы деңгейдегі сұрақтарды көп қолданады. Бұл сұрақтарды әзірлеу жеңіл болады, оқушылар сұрақтарға жауап берсе де, тез ұмытады, оқушыларға берілген білімді жалпылама қайтарып алуға көмектеседі және еске түсіреді.

2.Түсіну—осы деңгейде қойылған сұрақтар оқушылардың алған білімін еске түсірумен бірге, өз ойымен қайталай білуге негізделеді.

3.Қолдану—қойылған сұрақтардан алған білімін қолданып, тәжірибелік жұмыстарды және есептік жұмыстарды орындауды көздейді. Көрсетілген үлгі тәжірбиелік жұмыстарға қарап, соған ұқсайтын басқа тәжірбиелік және есеп жұмыстарын жасауға мүмкіндік береді. Осы деңгейдегі сұрақтардың жауаптары нақты және бір түрлі болады.

4.Анализ (Талдау) —осы деңгейдегі сұрақтар күрделі сұрақтар болып, оқушының ойлау әрекетін туғызады. “Неге?” “Себебі неліктен?” деген сұрақтардан тұратын осы бағалау деңгейінде оқушы тереңнен ойлап, білінетін ақпаратты пайдаланып анализ жасап, нәтиже шығара алады. Қолдану деңгейшесіндегідей тек қана бір нәтиже емес, басқа дұрыс нәтижелерге де жете алады.

5.Синтез (Біріктіру) — осы деңгейдегі сұрақтар оқушылардың репродуктивті ойлауын көздейді, жаңалық ашуға жаңа пікір қалыптасуына көмектеседі, сол үшін де эксперимент жасау және басқа жолдар арқылы дәлелдеу керек болады. Осы деңгейде де тек бір емес, көп жауаптар табуға болады. Оқушылар синтез жасай білу үшін жаңа материалды толық меңгеру және бұрынғы білімнің дәлелдеріне сүйенуі керек.

6-Бағалау және қорытындылау—осы деңгейдегі сұрақтардың тек бір жауабы болмай, оқушылардың ойлау іс-әрекетін анализ және синтез жасау нәтижесінде көп түрлі жауаптар жасауға мүмкіндік береді. Бір ғылыми стандартқа келіп қорытындылайды.

Төмен деңгейі	Деңгейі	Оқушы іс-әрекеті	Сұрақ түрі
↓	Білу	Еске түсіру, жаттау, оқу, жазу, айту.	Кім ?, Не ?, Қайда ? Қай уақытта ?
	Түсіну	Өз пікірін айту, тұжырымдау, айырмашылық, ұқсастық табу, көрнекілік құралдарын пайдалану.	Айтып бер ? Салыстыр ? Өзіңше түсіндір ?
	Қолдану	Проблема шешу, нәтиже шығару, тәжірибе жасау, топтастыру, анықтау, тәжірибеде қолдану, өрнектеу, сызу, кесте дайындау.	Шешіндер? Табындар? Қайсысы? Анықта? Үлгі көрсет? Сызып көрсет? Мысал келтір? Қанша? Есепте?
	Талдау	Тиісті ақпаратты жинақтап белгілеу, Проблеманың себептерін табу және жаңа ақпаратқа жету.	Себепін айт? Не себептен солай? Неліктен ? Дәлелдеп бер
	Синтез (Біріктіру)	Жаңа білім, ақпарат шығару, жаңалық ашу, өзгерту, ақпаратты жинап бір қалыпқа келтіру.	Былай жасаса, не болар еді ? Қалай шешкен дұрыс? Өзгертіп Бер? Дайындап Бер? Жаңалығы не болады?
Жоғары деңгейі	Қорытындылау	Пікір және көзқарастарды жинап қорытындылау, талқылау, қаулы шығару, қорғау.	Себептерін анықта. Талқыла Қалай дамытуға болады ?

			Нақты айтындар. Бұл пікірге қосыласың ба ?
--	--	--	---

Ең төменгі деңгейде сұрақтар тек қана білуге, яғни еске түсіруге арналады. Мұғалім берген білімін оқушы ешқандай ауыстырмай, қорытындыламай және ойламай, есіне түсіріп, қайтарады. Ең жоғары деңгей болған бағалау қорытындылау деңгейінде мұғалімнің берген білімін пайдаланып, оқушының өзінің ойлау әрекеті және тәжірибелік іс-әрекеті нәтижесінде жаңа білімге жетеді. Блум таксономиясының 6 деңгейін және оқушының іс-әрекеті мен сұрақ түрлері кесте бойынша анықталды (1-кесте).

Халықаралық деңгейде бағалау жүйесінде көбі бірінші тұрған үш деңгейлеріне қоса соңғы үш деңгейін біріктіріп, жалпы 4 деңгейден тұратын жүйе қолданылады. Қойылған сұрақтардың көбісі соңғы үш деңгейдегі, яғни анализ, синтез, қорытындылау деңгейлерін кіріктіреді. Мұғалімдер бір сабақ мезгілінде 6 деңгейін бірден қолданып, сұрақ қоя алмауы мүмкін. Бірақ бір оқу жылы бойы жоспар құрып, тақырып бойынша оқушыларға әр деңгейден сұрақ қою керек. Жалпы мектептерде мұғалімдер бірінші тұрған екі немесе үш деңгейіне қарай сұрақтар қояды. Бұл жағдай, көбінесе, оқушылардың ойлау әрекетін туғызбайды.

Қорытынды болып тесттерді оқыту үдерісінде қолдану ең жаңа әдістердің бірі деп айтамыз. Тесттердің артықшылығын, тиімділігін және көп түрлілігін есепке ала отырып, есте сақтау мен еске түсіру, ойлау, өткен тақырыптарға өзіндік бағалау білу, алынған мәліметтер негізінде жаңа мәліметке жету және соңы қолдана білу жағынан оқушылардың қабілеттерін өсіретін бұл әдіс, өте жарамды болып дүние жүзінде таралып тұрады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбиев Ж.Ә, Бабаев С.Б, Құдиярова А.М. Педагогика. Алматы-2004, 219-бет.
2. Sokolove Sandra. Myra Sadker. Classroom Teaching Skills: A Handbook, D.C. Health and Company, Lexington U.S.A-1977, page 159
3. Bloom B. Taxonomy of educational objectives, Handbook 1. Cognitive Domain, Newyork, Mckay: 1956

Резюме

Было отмечено, что надо подготовить тестовые вопросы по таксономии Блума и эффективность метода тестирования.

Summary

This article is about testing method and preparation of test questions according to the Bloom's taxonomy in education.

Özet

Bu makalede eğitimde test metodu ve test sorularının Bloom taksonomiyasına göre hazırlanması ile ilgili bahsedilmiştir.